ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ

АКИМ КАРАБУЛАКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

13.01.2026 жл

№ 4

Қарабұлақ ауылы

село Карабулак

Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
іске асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңына сәйкес, Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ӨКІМ ЕТЕДІ:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы сәйкес, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға келісім шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты М. Бейсекбай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын қызметтерді көрсетуге анықталған мердігерге шақыруды жолдасын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жүргізуін өз құзырымда қалдырамын.

Қарабұлақ ауылдық
округінің әкімі **С. Оналбаев**

001074